

«Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің білім алушыларының Студенттер үйлеріндегі тұрмыс жағдайына қанағаттануы» сауалнамасының қорытындысы бойынша анықтама

Ректордың 31.01.2023 жылғы №113 бұйрығына сәйкес «Білім алушылардың Студенттер үйлеріндегі тұрмыс жағдайына қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырылды.


Сауалнаманың мақсаты – білім алушылардың Студенттер үйлерінде тұрмыс жағдайына қанағаттануын талдау. Сауалнама құралы: аралас google сауалнамасы, сұрақтар саны – 14. Зерттеуге 491 студент қатысты (Студенттер үйінде (СҮ) тұратын студенттер санының 26,4%-ы).

СҮ-де тұру жағдайларын бағалау.

Респонденттерге СҮ-де тұру жағдайларын мынадай критерийлер бойынша бағалау ұсынылды: тұрғын бөлмелердің жай-күйі, бөлмелердегі жылыту сапасы, себезгі кабиналарының, санитариялық тораптың жай-күйі, демалыс бөлмелері мен тұрмыстық бөлмелердің жай-күйі. Сұраққа жауап берген студенттер барлық көрсеткіштерді 5 балдық шкала бойынша бағалады. Әрбір СҮ бөлінісінде респонденттердің қанағаттанушылығын талдаудың жалпы нәтижелері 1-диаграммада көрсетілген.

1-сурет

Студенттердің үйлерінде тұрудың тұрмыстық жағдайларына қанағаттану




Тұрмыстық жағдайларға қанағаттанудың жалпы бағасы орташа көрсеткіштен төмен болып, **2,8 балды** құрады.

Барлық СҮ тұрғын бөлмелерінің жағдайын респонденттер **3,2 балға** бағалады (1а-сурет).

1а-сурет


Студенттер үйіндегі тұрғын бөлмелердің жағдайы



СҮ тұрғын бөлмелеріндегі жылыту сапасын респонденттер 2,3 балға бағалады (1в-сурет).

1в-сурет


Студенттер үйіндегі жылыту сапасы



СҮ-дегі себзгі кабиналарының жай-күйін респонденттер 2,5 балға бағалады.

1с-сурет


Студенттер үйіндегі душ кабиналарының жағдайы



Респонденттер санитариялық тораптардың жағдайын жалпы алғанда 3,0 балға бағалады.

1д-сурет


Студенттер үйлеріндегі санитарлық тораптардың жағдайы



«Демалыс бөлмелерінің жай-күйі» критерийі бойынша жалпы баға **2,9** балды құрады.

1e-сурет


Демалыс бөлмелерінің жағдайы



Студенттер үйлерінің тұрмыстық бөлмелерінің жай-күйіне берілген баға 2,7 балды құрады.

1f-сурет

Тұрмыстық бөлмелердің жағдайы



Студенттердің эмоционалды-психологиялық жайлылығын бағалау үшін «Сіз бөлмеде тұратындармен қандай қарым-қатынаста болдыңыз?» деген сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың 70%-ы достық қарым-қатынаста, респонденттердің 21%-ы жақсы көршілік қарым-қатынаста болғанын, 8%-ы бөлмедегілермен бейтарап қарым-қатынаста болғанын көрсетті. Респонденттердің қалған 1%-ы көршілерімен даулы қарым-қатынаста екендіктерін атап өтті.

Жалпы сауалнамаға қатысқандардың 61%-ы Студенттер үйі әкімшілігінің жұмысына қанағаттанған болса, 27%-ы жеткілікті деңгейде қанағаттанбаған, ал 12%-ы мүлде қанағаттанбайды. Және де әкімшілік жұмысына көңілі толмайтындардың арасында №4А-дан басқа барлық Студенттер үйінің тұрғындары бар.

Қорытынды:

1. Жүргізілген сауалнамадан барлық Студенттер үйі тұратындарының тұрмыстық жағдайларға қанағаттану дәрежесі орташа деңгейден төмен екенін көруге болады (**2,8 балл**).

2. Тұрмыстық жағдайларға қанағаттану бойынша барлық Студенттер үйін шартты түрде 2 топқа бөлуге болады:

1-топ – қанағаттанудың орташа деңгейінен жоғары (3-тен 4 балға дейін) – №№ 1В, 4А, 7 СҮ;

2-топ – орта деңгейден төмен (2-ден 2,9 балға дейін) – №№ 1А, 2, 3А, 3В, 5, 6 СҮ.

3. 5 критерийдің әрқайсысы бойынша көрсеткіштерді талдау тұрмыстық жағдайларға қанағаттану деңгейі орташа деңгейден төмен, яғни тұрғын бөлмелердің жай-күйін (3,2) қоспағанда, барлық критерийлер бойынша 3 балдан төмен екенін анықтады. Ең төменгі орташа балмен студенттер тұрғын бөлмелеріндегі жылыту сапасын (2,3 балл) және себезгі кабиналарының жағдайын (2,5 балл) бағалады.

4. Әкімшілік №5 және 6 СҮ-дегі себезгі бөлмелерін жылыту мәселесі мен жалпы жағдайына назар аударуы керек, өйткені респонденттер осы СҮ-дегі көрсеткіштерді ең төменгі балмен (1,5-тен 1,9-ға дейін) бағалады.

5. Респонденттердің 80%-дан астамы тұрмыстық, себезгі және демалыс бөлмелерінің қолжетімділігін растады, студенттердің көпшілігі (респонденттердің 58-85%) бұл нысандарға кез келген ыңғайлы уақытта бара алатынын көрсетсе, респонденттердің бір бөлігі – 10-35%-ы – белгілі бір кесте бойынша бара алатынын айтты.

6. Студенттердің кешкі жаттығулардан кейін жуыну мүмкіндігі болуы үшін душ бөлмелерінің жұмыс кестесін тұрғындардың қажеттіліктерін ескере отырып қайта қарау керек.

7. Тұрғындардың басым көпшілігі Студенттер үйлеріндегі қолайлы эмоционалды-психологиялық жағдайды атап өтсе, сауалнамаға қатысқандардың тек 3%-ы ондағы ыңғайсыз моральдық-психологиялық ахуалға назар аударды. Бұл ретте жағымсыз фактор ретінде бөлмелестер, Студенттер үйінің басқа тұрғындары, әкімшілік көрсетілді.

8. Білім алушылардың жауаптарын талдау жылыту сапасының төмендігі, ыстық судың нашар жеткізілуі, лифттердің дұрыс жұмыс істемеуі және тоқтап қалуы, себезгі бөлмелеріндегі ақаулы сантехника, жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі тәрізді Студенттер үйлеріндегі негізгі проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген